

**Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының
ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы "МҚК сыйбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы
Анықтама**

02 мамыр 2024 жыл.

Шымкент қаласы

Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "№2 Оңалту орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бас дәрігерінің 09 сәуір 2024 жылғы №78 бұйрығы негізінде оңалту орталығының қызметіндегі ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша жүргізілді.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтитын кезең: 01.01.2024жыл- 31.03.2024 жыл.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу мерзімі: 02.05.2024 жыл – 12.06.2024 жыл.

Ішкі талдау жүргізу негізі: Қазақстан Республикасы Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы және Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы " МҚК-н 2023 жылғы 09 сәуірдегі " сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы" № 78 н/к бұйрығына сәйкес комиссия құрылды.

Комиссия құрамы:

Абилдаева С.М. - комиссия төрайымы

Комиссия мүшелері:

- 1.Шаханова Ш.Ж. – дәрігер сарапшы
- 2.Ошимова Н.Ж. – бас мейіргер
- 3.Бопова Н.Н. – кадр инспекторы
- 4.Бесбай А. Ж. – экономист.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бағыты:

1. Соқтығысумен байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін құқықтық актілер мен ішкі құжаттардың ережелерін анықтау;

2. Персоналды басқарумен байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

3. Мұдделер қақтығысына байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
4. Мемлекеттік қызмет көрсетумен байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
5. Рұқсат беру функцияларын іске асыруға байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
6. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыруға байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
7. Бюджет және қаржы қарожатын игеруге және бөлуге байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
8. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасуға байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
9. Ақпараттық жүйелерді әзірлеуге және пайдалануға байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
10. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

1) Соқтығысмен байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін құқықтық актілер мен ішкі құжаттардың ережелерін анықтау.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында оналту орталығының қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерінде: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Халық денсаулығы және денсаулық сактау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін, "міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының «тегін денсаулық сақтаудың кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы» қаулысы, «Салық және бюджетке толенетін басқа да міндетті төлемдер туралы», Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін және өзге де нормативтік-құқықтық актілерді және Жарғыны басшылыққа алады, нормативтік құқықтық актілерде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Қызметкерлердің бұйрықтарына, лауазымдық нұсқаулықтарына ішкі талдау жүргізу кезінде қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкестік анықталды.

Кәсіпорынның ішкі құжаттарында сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Персоналды басқарумен байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Жалпы штат саны орталықта штат кестесіне сәйкес, барлығы -144,75 штат бірлігі бекітілді, оның ішінде: дәрігерлер – 13,75 шт.бірлік (нақты жұмыспен қамтылғандар-13,75). Орташа медициналық қызметкерлер -49 (нақты жұмыспен қамтылғандар -44,50). Кіші медициналық персонал-35 (нақты жұмыспен қамтылғандар - 33). Педагогтар – 15 (нақты жұмыспен қамтылғандар - 14). Басқа да қызметкерлер – 33 (нақты жұмыспен қамтылғандар – 33,50) декреттік демалысталыста -33. Жалпы бұйрықпен талдау кезеңі 2024 жылдың 31 наурызына дейін -6 қызметкер жұмысқа қабылданған. 2024 жылғы 31 наурыз айы бойынша Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МҚК - да бос жұмыс орындары - 4 штаттық бірлікті құрайды. Мамандарды жұмысқа қабылдау - ішкі бұйрықпен, жұмысқа қабылдау жөніндегі комиссиясы құрылған. Бос жұмыс орындары туралы мәліметтер электрондық енбек биржасында орналастырылады (gordetbol2@mail.ru) (www.enbek.kz). Кадрлардың айналымын талдау 01.01.2024-31.03.2024 жылдар кезеңінде 5% құрайтынын көрсетеді. Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МҚК кадрлардың ауысу себептері әлеуметтік мәселелердің болуы негізінен табылады.

Енбек тәртібін талдау барысында 01.01.2024-31.03.2024 жылдар аралығында Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МҚК-да 9 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылғаны анықталды. Кәсіпорын қызметкерлерін тәртіптік жауапкершілікке тартудың негізгі себептері олардың өздеріне алған функционалдық міндеттерін тиісінше орындауы болып табылады.

Сондай-ақ қызметкерлердің жеке істері, оның ішінде біліктілік (дипломы) беріле отырып, жоғары не кәсіптік және техникалық білімінің бар екендігін куәландыратын құжаттар тексерілді, барлық қызметкерлер тиісті салалардың уәкілетті органдарының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

ҚР Енбек кодексінің 32-бабының 2,3-тармақшасына сәйкес кәмелетке толмағандардың қатысуымен білім беру, тәрбиелеу, демалысты ұйымдастыру және сауықтыру, дene шынықтыру және спорт, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласында енбек шартын жасасу үшін адам: адам өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы сиякты қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы

анықтама ұсынады. Адам азаматтық қызметтің мемлекеттік функцияларға теңестірілген функцияларды орындауға байланысты лауазымына немесе квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі жұмысқа кірген кезде жұмыс беруші осы адамға қатысты оның сыйбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді өз күзыреті шегінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органның ақпараттық жүйелері немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы талап етіл алдырады.

Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МҚҚ комиссиясы жұмысқа қабылданған қызметкерлердің жеке істерінде 04.01.2023-31.05.2023ж. уақыт кезеңінде КР Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ақпараттық-анықтамалық есепке алу мәліметтеріне сәйкес соттылығының жоктығы туралы растайтын құжаттар бар.

Мұдделер қақтығысымен байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ "№2 Оңалту орталығы" МҚҚ-н бөлімшелерінде мұдделер қақтығысының болуына, басшымен жұмысқа қабылданған қызметкерлердің үлестестігіне, жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының жұмысының үйлесімділігіне ішкі талдау жүргізу барысында сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсетумен байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

- Кәсіпорында мемлекеттік қызметтер «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметтің актілеріне, езге де нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес көрсетеді. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды мемлекеттік сатып алу және "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 04 желтоқсандағы № 434 - V Заңына сәйкес жүзеге асырылады. 2024 жылға арналған №2 Оңалту орталығы Шымкент қаласы бойынша филиал атынан "әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КЕАҚ - мен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызметтерге – 471 490 519,18 теңгеге шарт жасасты.

- Ағымдағы жылдың 5 айында – 176 423 403,54 теңге сомасында қызмет көрсетілді.

- "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КЕАҚ –ы 176 423 403,54 теңге.

Ақылы қызметтер көрсету Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігінің бұйрығымен бекітілген шарттық негізде көрсетіледі және ақылы медициналық қызметтер шарттық үлгілік нысанна сәйкес көрсетіледі.

Ақылы көрсетілетін қызметтер тиісті электрондық порталға енгізіледі.

Бекітілген баға прейскураттары оңалту орталығының сайтында орналастырылған.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде сыйайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жок.

Рұқсат беру функцияларын іске асыруға байланысты сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

- Оңалту орталығында рұқсат беру немесе келісу функциялары бойынша ішкі талдау жүргізу барысында сыйайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жок.

Бақылау-тексеру функцияларын іске асыруға байланысты сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

- Оңалту орталығында бақылау-қадағалау функцияларын асыру кезінде жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Бюджет және қаржы қаражатын игеруге және бөлуге байланысты сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Оңалту орталығын Республикалық бюджет және бюджеттен тыс қаражат(ақылы қызмет көрсету) арқылы қаржыландырады.

Қаржы-шаруашылық қызметтің талданатын кезеңінде оңалту орталығының 2024 жылға арналған бюджеті – 516 005 720 теңгені құрады, олардың:

РБ – 471 490 519,18 теңге (оның ішінде КС – 350 417 919.87 теңге, АПП – 121 072 599.31 теңге).

Ақылы – 2 300 000 теңге.

Республикалық бюджет бойынша 2024 жылдың 5 айға жұмсалған қаражат– 158 021 100 теңгені құрайды, оның ішінде: еңбек жалақыға-116 001 800 теңге, коммунальдық шығындарға-117 687 000 теңге, азық-түлікке-894 600 000 теңге, дәрі-дәрмекке-392 530 000 теңге, ГСМ-61 500 теңге, заттармен тауарларға-376 400 теңге, салықтар мен төлемдерге-136 896 000 теңге, жұмыстармен қызметтерге-261 830 000 теңге, басқада салықтар (жер, транспорт, мұлік)-633 500 теңге, оңалту орталығы бойынша орташа жалақы- 212 847 теңгені құрайды.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 29.10.2020 жылғы №КР ДСМ-170/2020 «Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызмет көрсету қағидаларын және үлгілік нысанды бекіту туралы» бұйрығына сәйкес оналту орталығы жеке тұлғаларға ақылы медициналық қызмет көрсетеді. Ақылы қызмет түрлері мен баға прейскуранты оналту орталығының интернет – ресурстарында орналастырылған.

2024 жылдың соңғы 5 айға ақылы қызметтерден түскен табыс – 751950 теңге.

Ақылы қызметтер бойынша шығыстар – 539.500 теңге, оның ішінде: жалақы – 66800 теңге, салықтар – 7600 теңге, коммунальдық қызметтер – жоқ, дәрі-дәрмектерге- 183.900 теңге, ТМЗ сатып алу – 207500 теңге, сондай-ақ басқа да шығындар бойынша (жөндеу қызметтері және т.б.) – 73700 теңге.

Шымкент қаласы денсаулық сақтау баскармасы басшысының 01.06.2019 жылғы №163 н/к бұйрығына сәйкес Шымкент қаласының ДСБ-ның ШЖҚ «№2 Оналту орталығы» МҚК-да (бұдан әрі Орталық) Байқау кеңесі құрылды.

Байқау кеңесінің мүшелері М.Н.Зұлпыхар, И.М.Глазебная, М.Ж.Карабеков, Г.Т.Нұрдаулетова, Ж.Е.Абильмажиновының қатысуымен 2024 жылы 1 тоқсанда Байқау кеңесінің отырысы өтті, отырыс барысында Кәсіпорынның уәкілетті органына 2023 жылғы даму жоспарының накты орындалуы туралы есепті келісу мен Кәсіпорынның 2023 жылдық қаржы есептілігін бекіту сонымен қатар Қайырымдылық көмек есебінен түскен қаржыны Кәсіпорынның қажетіне бөлу туралы мәселе қаралып, бекітілді.

Оналту орталығы экономикалық-қаржылық қызметі он динамикамен дамып, көрсетілетін қызметтердің шығынсыз қолемін қолдайды.

Оналту орталығының Қаржы-шаруашылық қызметінде сыйайлас жемқорлық тәуекелдері жоқ.

- Оналту орталығының қызметі даму жоспарына сәйкес өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады. Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады. Бюджет қаражатын игеру және бөлу кезінде сыйайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ, арыз-шағымдар түспеген.

Жеке және занды тұлғалармен шарттар жасасуға байланысты сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

- Занды тұлғалармен жасалған шарттар бойынша ішкі талдау жүргізу үшін мемлекеттік сатып алу бөліміне мониторинг жүргізілді. Мемлекеттік сатып алу саласындағы жұмыс электрондық форматта мемлекеттік сатып алу веб-порталы

арқылы жүзеге асырылады [«goszakup.gov.kz»](http://goszakup.gov.kz) «тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шенберінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдар мен мамандардырылған емдік өнімдерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысына сай жүргізіледі.

Оңалту орталығы мен "IMFIS-Analytics" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында 18 сәуір 2024 жылы Ақпараттық жүйені қостау және техникалық қолдау көрсету бойынша қызмет көрсетулер бойынша келісім шарт түзілген.

Аталған келісім шарт 952 000.00 (тоғыз жұз елу екі мың тенге нөл тиын)) теңгени құрайды және қызметтерді көрсетумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 102 000.00 тенге (жұз екі мың тенге нөл тиын) (бұдан әрі – Шарттың сомасы) камтиды.

Көрсетілген қызмет үшін төлемді Тапсырыс беруші көрсетілген қызмет актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді.

Өнім беруші "IMFIS-Analytics" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге тиіс, сонымен қатар Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 28 560.00 ((жиырма сегіз мың бес жұз алпыс тенге нөл тиын) құрайтын Шарттың жалпы сомасының 28 560.00 теңгеге тен 3 (үш) пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету міндеттенеді.

Қазіргі таңда бұл шарт орындалу барысында.

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өздігінен сатып алу кезінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулы шенберінде және сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы тендер өткізіледі.

Жеке және занды тұлғалармен шарттар жасасу бағыты бойынша сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Ақпараттық жүйелерді әзірлеуге және пайдалануға байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

- Оңалту орталығы ақпараттық жүйелерді әзірлемейді, бірақ «Damumed» кешенді медициналық ақпараттық жүйесі (КМИС), салық төлеуші кабинеті salyk.kz, egov.kz, goszakup.gov.kz, eisz.kz, «амбулаториялық-емханалық көмек порталы» АПП, медициналық қызметтердің сапасын басқару жүйесі (СУКМУ), «Стационарлық науқастардың электрондық тіркелімі» порталы, «емделуге

жатқызу бюросы» порталы (БР), ресурстарды басқару жүйесі (ТБЖ) сияқты мамандандырылған акпараттық жүйелерді пайдаланады.

Алайда, Акпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бағыты бойынша сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Талданатын кезеңде салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша қарыздар жоқ, жеткізушілермен есеп айырысу бойынша кредиторлық берешек анықталған жоқ. Жеткізушілерге төлем мерзімінде жүргізілді, айыппұлдар мен тұрақсыздық айыбы анықталған жоқ.

Осылайша, жоғарыда айтылғандай, сыйбайлас жемқорлық тәуекелі Оңалту орталығында келген науқас балаларды тіркеу және дәрігердің қабылдауы, талдаулар тапсыру, олардың нәтижесін алу, еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтамалар алу, науқас баланы жатқызу және басқа да жағдайларда қызмет көрсету кезінде орын алу мүмкін.

Бұл ретте, емхана әкімшілігі құқық бұзушылықтардың, оның ішінде сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған жол бермеу жөнінде тұрақты негізде шаралар қабылдап, қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес жұмыс атқарады.


Баяндалғанның негізінде мынадай ұсыным енгізіледі:

1) Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу мақсатында көрсетілген медициналық қызметтердің сапасына қатысты науқастардың өтініштерін тұрақты негізде ерекше бақылауда ұстau қажет;

2) Кәсіпорын бөлімдерінің қызметкерлері мен басшылар, бекітілген персоналды қызметіне қатаң бақылауды қамтамасыз ету және қызметкерлердің өздерінің функциональдық міндеттері мен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын мүлтіксіз сақтауы жөніндегі шаралар.

Комиссия төрайымы:

Абилдаева С.М.



Комиссия мүшелері:

Ш. Ж. Шаханова

Шаханова

Ошимова Н.Ж.

Ошимова

Бопова Н.Н.

Бопова

Бесбай А. Ж.

Бесбай

Танысты:

Шымкент қ. ДСБ ШЖК "№2 Оңалту орталығы" МҚК бас дәрігері
А.О.Сапаргалиева

А.О.Сапаргалиева